Әділет

**"Жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 және " Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 21 маусымдағы N 39 Нұсқаулықтарға енгізілген толықтырулар мен өзгертулер**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 367. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 16 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 9. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-------------------Бұйрықтан үзінді----------------

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

12. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының Нұсқаулықтарының кейбір тармақтарына өзгерістер және толықтыруларды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 367 V950009_ бұйрығы. ------------------------------- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

1. "Жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 V950075_ Нұсқаулық:

1) 18-тармақ "Салықты төлеу жер учаскелері орналасқан орын бойынша жүргізіледі" деген сөйлеммен толықтырылсын.

2) 19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығынан тыс жерді пайдаланушылар - заңды тұлғалар жер салығын ағымдағы жылдың 20 ақпанында, 20 мамырында, 20 тамызында және 20 қарашасында тең үлестермен төлеп отырады.

1995 жылы ауыл шаруашылығынан тыс жерді пайдаланушылар жер салығының жылдық сомасының үштен екі бөлігі мөлшеріндегі алғашқы жарнаны бұның алдындағы төлемдерді төлемегені үшін өсім есептемей 20 тамызда, жер салығының барлық қалған бөлігін 20 қарашада төлейді.

Салықты төлеу жер учаскелері орналасқан орын бойынша жүргізіледі".

3) 33-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сәулет және қала құрылысы туралы" 1993 жылғы 22 қазандағы N 2473 Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй қорын, қоғамдық үй-жайлар мен ғимараттар, сондай-ақ санитарлық-қорғау аймақтарын орнатуды қажет етпейтін жекелеген коммуналдық және өндірістік объектілер орналастыруға арналған елді мекен аумағының бір бөлігі қоныс аумағы деп ұғынылады;

4) 61-тармақтың бірінші абзацы "сондай-ақ жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі орналасқан" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 62-тармақта:

- 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар, кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын және жалға берілген жер учаскелерінен басқа";

- 3) тармақша "(кәсіпорындарынсыз)" деген сөздерден кейін "Қазақстан

Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест Ұлттық қоғамы (кәсіпорындарынсыз), балалардың қайырымдылық қорлары (кәсіпорындарынсыз ),
кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын және жалға берілген жер учаскелерінен басқа" деген сөздермен толықтырылсын, "ӘАФКЕҚ Орталық Комитеті" деген сөздер алынып тасталсын;

6) N 3 қосымшада ставкалар кестесіндегі төртінші және бесінші бағаналардағы мына сандар:

| | |
|---|---|
| 1-ге дейін | 5 - 125,0 |
| 1 - 25,0 | 6 - 150,0 |
| 2 - 50,0 | 7 - 175,0 |
| 3 - 75,0 | 8 - 200,0 |
| 4 - 100,0 | 9 - 225,0 |

тиісінше мына сандармен ауыстырылсын:

| | |
|---|---|
| 0 - 25,0 | 5 - 137,5 |
| 1 - 47,5 | 6 - 160,0 |
| 2 - 70,0 | 7 - 182,5 |
| 3 - 92,5 | 8 - 205,5 |

4 - 115,0 9 - 227,5 бұдан әрі мәтін бойынша.

2. "Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі

туралы" 1995 жылғы 21 маусымдағы N 39

V950072_

Нұсқаулықта:

1) 3-тармақтағы "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер "айлық есептеу көрсеткішінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-тармақ " жүргізіледі" деген сөзден кейін "көлік құралдарының тіркелген орыны бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

3) III тарау мынадай мазмұндағы жаңа 27) тармақпен толықтырылсын:

"27) мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдары бойынша";

27) тармақ 28-тармақ болып есептелсін.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Бас салық инспекциясының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК